

1



2

Copyright © 1984 by The Paternoster Press
Пауль Уайт
Тото және оның достары туралы қызық
оқиғалар
© 1993 ж „Шығыс Сәулесі“, баспасы

3

ПАУЛЬ УАЙТ

**ТОТО ЖӘНЕ ОНЫҢ
ДОСТАРЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗЫҚ ОҚИҒАЛАР**

Суретші Петр Орам

ГИППОПОТАМ БУХУ

Тамаша шуақты күн. Кішкене маймыл Тото мен жираф Твига көл жағасындағы джунглиде ойнап жүр. Олар әбден шаршап, жұмсақ шөпке дем алуға отырды.

– О, кімнің келе жатқанын қара! – деп дауыстады Тото. Твига күліп қойды.

– Бейшара Буху, қазір оның қауғадай басында қандай ойлар бар екен. Оның түрін көргеннен-ақ, менің көңілім бұзылады.

– Бейшара кәрі Буху, ол сондай қайғылы, – деп сықылықтады Тото. Біз бірдеңе қылып оның көңілін көтере алмас па екенбіз?

Гиппопотам жақындап, күңкілдеді:

– Менің жаңғағым қайда? Ол мына таста жатқан еді. Енді ол жоқ. Маймыл, сен оны қайда жібердің? (сен оны не істедің?)

– Бар шыным, мен оны алған жоқпын, – деді Тото.

– Бұл шын, – деп қостады Твига. – Оны Павиан Гун ұрлап кетті. Мен оны өзім көрдім.

– О, бұл джунглиде енді ешкімге сенуге болмайды. Бұл бір ма сқара! Сондай жақсы үлкен жаңғақ еді.

– Буху, бүгін қандай тамаша, шуақты күн! – деді Твига.

– О, rrr... шыжыған күнді сондай жек көремін, ол менің теріме зиян. Менің терім қышып, мазам кетеді – оны сендер түсіне алмайсыңдар! – Буху өзінің қауғадай басын шайқап қойды. – Ал менің бейшара мұрным – ше! Мен қырылдап, пырылдаймын, сонда мұрнымнан тамшылайды. УУУ... Қараңдар! Қазір мен түш... түш-кір-ре бастаймын. Тото шапшаң жүгіріп, секіріп барып оның аузын басады. Бухудың көзі жыпылықтап кетті.

– О, а рахмет, Тото! Мен түшкіре бастағанда, мұрнымнан сорғалап, көзім жасаурайды, менің... Э,Э...

– Қарашы, бүгін джунглиде гүлдер ерекше әдемі емес пе? – Твига сөзді басқа тақырыпқа бұрғысы келді.

– Олардың иісі сондай жақсы, – деп қосты Тото.

– Гм... – деп күңкілдеді Буху, – маған бұл сары гүлдер ұнама йды, күлгіндері де. Мен иісін сезбеймін, тұмсығым бітіп тұр, ол қышып, жыбырлайды, маған ауа жетпейді, мен түшкіргеннен ба сқа ештеңе істей алмаймын, мен түшкіре беремін...

– Иә, иә – деп түсінді Твига – мына көлеңкеде біраз отырып, таза ауамен дем ал.

– Иә, мына самал джунглидің ауасын қалай тазартып тұр! – деп қосты Тото.

– Иә, – деп күңкілдеді Буху, – өте сергітеді, тазартады, сергітеді. Сендердің жерлерің мына кішкентай сары гүлдердің тозаңдарын ұшырып әкеліп тұр. Ол менің тұмсығым кіріп жа тыр, тұмсығым қышиды. „Ол қауға басын мұңая шайқады. Сендер менің түшкіргенде қалай қиналатынымды білсеңдер ғой! Қабырғаларым ауырады, көзім жасаурайды, осының менің құлағым қалай әсер ететінін айтайын ба?

– Ақыры сен қиналады екенсің, ендеше үнсіз қиналшы, – деді Тото.

– О, О – деп ыңырсыды Буху, – елдің бәрі бұл туралы біліп болғанша мен үнсіз қиналғым келмейді. Тото саусағымен құла ғын басты.

– О, О, О, сен үлкен, семіз сорлы, әрі күңкілдегіш жануарсың! – деп айқайлады.

– Сен кіммен осылайша сөйлесіп тұрсың? – деп қарсы шықты Буху.

– Сенімен! – деп айқайлады Тото. – Сенде есектің миындай да ми жоқ!

– Ал сенде бар ма?

– Әрине, бар! – деп жауап берді кішкентай Тото.

– Ха, ха, ха – деген күлкісін Буху кенеттен тыя қойды, – ау, ау – деп аянышты ыңырсыды. Күлкіден менің қабырғаларым ауырады, о, арқам-ай.

Твиге тағы да әңгіменің тақырыбын өзгертпек болды:

– Көлге қараңдар! Не көріп тұрсыңдар?

– Мен кішкентай бөкен Дик-Диктің шомылып, жүзіп жүргенін көріп тұрмын, – деп жауап берді, Тото. Твиге ұзын мойнын елеңдей созып алысқа қарады.

– Мен суда ұзын қоңыр бөренені көріп тұрмын, – Буху жай ға на басын шайқады.

– Бұл көлде ешқандай бөрене жоқ, – деді ол.

– Мен де бөрене көріп тұрмын, – деп абыржи айқайлады Тото.

– Сандырақ! – деп бұрқ етті Буху. Мен бұл көлдің барлық түкпірлерінде болдым, ешқандай бөрене көрмедім.

– Мақтанба! Осы жерде сенің керегің тура жүзу бассейініндегі крокодилдің керегіндейсің.

– Тото – тілазар, деп ойлады Твиге.

– Бұл көлде крокодил бар ма? – деп қарсы шықты Буху. Күлдірмеші! Крокодил.

– Сен бөренені әлі көріп тұрсың ба, Твиге? – деп сұрады Тото.

– Иә, – деп жауап берді.

– Ол бөкенге қарай жүзіп барады.

Буху мойнын барынша созып, кенет:

– Бұл тіпті де бөрене емес, бұл шынымен бөкенді қуып бара жатқан крокодил ғой, – деп көлдің жарқабағынан жүгіріп, суға түсіп кетті. Тото тітіркеніп, үстіндегі жүні тік тұрды.

– Крокодил тістейді ғой!

– Гиппопотамдар да. Қара, крокодил оны көрді де, басқа жаққа қашып барады.

Тото қуаныштан секірді.

– Ол бөкенді құтқарды, мейірімді кәрі Буху! Алақай! Алақай! Алақай! – деп айқайлады ол. Кенет ол үнсіз қалып, құлағының артын қасыды:

– Осы батыр да, батыл гиппопотам – жануарлардың бірі де маңын баспайтын баяғы ыңырсығыш, күңкілдек Бухудың өзі ме? Қалай ол күңкілдек, ашушаң болып тұрып, ілезде осындай мейірімді, сүйкімді бола қалады? Жираф жымыды.

– Мен гиппопотамға өте ризамын, мақтаныш етемін, Буху тек өз қайғысын ойлағанда өзіне-өзі жаны ашып, адам төзгісіз, сүйкімсіз болып кетеді. Бірақ ол өзгелердің мұқтажын ойлап, оларға көмекке асығып ұмтылғанда, сүйкімді болып кетеді.

– Рахмет саған, Буху. Көмектескенің үшін мен саған өте ризамын. Көп, көп рахмет! – деді Дик-Дик.

– Э, гм? мен көмектестім бе? – деп күлімсіреді Буху.

– Ах, өмір сондай тамаша, ғажап! – деді ол жүзіп кетіп бара жатып.

Әрине, саған да осындай жағдай белгілі болар. Кейде түк ойнағың да келмей, көзіңе көрінген елдің бәрімен ұрысасың. Енді көңіл-күйің сондай нашар болған кезде, сен де Бухудың ісін қайтала: шешеңе, әпкеңе, досыңа көмектесудің жолын тап, сонда сен қайта қуана аласың. Егер сенің көңіл-күйің жаман болғанымен, бір қиындыққа тап болып, кездесіп қалсаң, бұл жөнінде Исаға айт. Ол сені міндетті түрде сол сәтте естиді де, саған жәрдем етеді.

ҚАЛАЙША ЕСЕК ЗЕБРА БОЛДЫ

– Бірде балалар: „зебралар бұрыннан ала жолақ болған ба? – деп сұрады. Олар баобаб ағашының көлеңкесінде Даудидің жаңа бір әңгіме айтып беруін күтіп отыр еді.

Джунгли дәрігерлерінің көмекшісі Дауди жымыып қойды:

– Қалай, сендер мұны білмеуші ме едіңдер?

Ендеше мен сендерге тәуекел ете алмаған есек туралы оқиға айтып берейін.

26

Есек Пунда ренжіп қалған еді.

Бұл әділетті емес. Арыстан Симбаның терісі әдемі қоп-қоңыр. Жираф Твиганікі күн сәулесіндей сап-сары әрі көлеңке сияқты теңбілдері бар. Ал менікі ше? Менікі тек, жәй қара, – деп шағынды ол.

27

– Ол сондай жаман ба екен? – деп сұрады маймыл Тото. Есесіне оның сонша кірі көрінбейді... Гиппопотам Буху басын шайқады.

– Гм, жалпы сенің терің өте ыңғайлы да қолайлы. Түнде сені де не қабылан, не арыстан көрмейді.

– Иә, – деп күрсінді есек, – мен басқа түсті болсам ғой!

– Джунглиде тілек орындалатын жер бар, – деді Тото қулана жымыып.

Буху тағы да өзінің дәу басын шайқады.

– Ол жерде елестер жүреді; бұл ол жерге барса, онда...

– Онда есек Пунданың тілегі орындалады, – деп мырс етті Тото.

– Ол жер қайда? – деп сұрады Пунда. Тілек орындалатын жерді айтшы маған, Тото.

– Сиқырлы үңгірде, – деді Тото.

– Ендеше менімен жүрші! Менің сонда барғым келеді! Буху тағы да басын шайқады.

– Сол ақылды іс деп ойлайсың ба?

– Әрине, дұрыс емес. – Бірақ өте қызық, – деді Тото.

– Мені сол жерге апаршы, – деп жалынды Пунда. Егер ол жерде тілектер орындалатын болса, мен өзіме ақ тері сұрап аламын. Ах, аппақ есек болған қандай тамаша, ғажап!

– Жарайды, кеттік ендеше.

– Ой, аяғым-ай... – деп ырсылдады Буху. – Қандай ұзақ жол!

– Міне үңгірге де жеттік, – деп айқай салды Тото. Көне, Пунда, сен онда кір де, өз тілегіңді айта бер.

Есектің дауысы дірілдеп кетті.

– О, үңгірдің іші сондай қараңғы ғой!

– Иә, өте қараңғы әрі тайғақ. Бірақ сен өлі өз ойыңды өзгерте аласың, – деді Буху.

– Буху, қазір аузыңды жап, – Тотоның дауысында шыдамсыздық сезілді. – Пунда өзі үшін өзі шешеді. Есек, сен аппақ болғың келе ме?

– Әрине, – деді Пунда. – Келеді! Келеді!

– Ендеше үңгірге кір де, өз тілегіңді айт!

– Біз бірге кірсек қайтеді, – деп сұрады Пунда.

– Иә, бірақ менде ешқандай тілек жоқ, бір де тілек жоқ, – деп қарсылық білдірді Буху. Тото, сенде ше. Егер сен үңгірге кіргенде адам айтқысыз қорқынышты сыбдыр естісең, есектен бұрын бозарып кетесің?

Тото ашулы пыр етті де:

– Иә, үңгірдің сыртында ғана батырсынып тұрсың ғой, – деді.

– Тыныш, мен қазір кіремін, – деп сыбырлады есек. Буху мен Тото оны сыртта күтіп қалды. Біраз уақыт өткенде Буху:

– Саған үңгір туралы айтпау керек еді, – деді.

– Маған қараңдар, – деген есектің дауысы шықты.

Тото секіріп түсті.

– Ол аппақ! Пунда шынымен аппақ болды. Қалай болды айтшы!

– Мен қараңғы үңгірге кірдім де, менің ақ болғым келеді! – деп айқай салдым. Содан соң ақ болдым. Енді мен джунглидегі жалғыз ақ есекпін!

Тото, саған менің жаңа түрім ұнай ма?

– Енді үстіңдегі барлық кір көрініп тұрады. Сен оны осындай таза, аппақ күйінде сақтай аласың ба?

– Мен оны күтемін ғой, – деп үміттендіре тіл қатты Пунда.

– Иә, бәрібір сен аппақ болып ұзақ жүре алмайсың. Біраздан соң-ақ кірлейсің, ластанасың, сұрғылт болып шығасың, онанда қара болғаның жақсы. Сонда тым болмаса, кірің көрінбейді.

– Ух, – деп күрсінді есек. Біраз уақыт өзгелер маған қызығатын болады, ал мен кірленгенде олар мазақтап күледі ғой. Иә, мен...

– Мынау қайда кетіп барады? – деп сұрады Буху.

– Үңгірге қайта кетіп барады. Мүмкін оның қайтадан қара болғысы келген шығар, – деді Тото.

– Иә, бір шешімге келу оған оңай емес, әрине. Бәріне сен кінәлісің қиқар маймыл. Бізді тектен текке жұмыс жоқ тайым жоқ осында алып келдің. Бәлі, мынау не тағы?

– Тото, Буху, қараңдар, мен қайтадан қара болдым, – деп а
йқай салды Пунда есек.

– Иә, бұл біз білетін бұрынғы әп-әдемі қара есегіміз!

– Есек мақтанышпен басын изеді.

– Саған ұнайтыныма мен қуаныштымын.

Қара түс әдемі ғой, ә солай ма, Тото?

– Иә, бірақ ешқандай ерекшелігі жоқ.

– Онымен сен не айтпақшысың? – деп сұрады есек.

– Әншейін, – деп желкесін қасыды Тото, – джунглидегі
барлық есектер қара ғой. Егер сенің басқалардан ерекше
болғың келсе, сенің басқа болуың керек.

Есек жерді аяғымен теуіп жіберді.

– Сен өзің айттың ғой...

– Білем, білем, – деп басын изеді Тото. Онда мен бұл туралы
ойламаппын. Сен дұрыс айтыпсың: қара түстің еш ерекшелігі
жоқ, көзге де түспейді.

Есек қатты ашуланып қалды.

– Ендеше мен үңгірге кіріп, тағы да басқа бір тілек тілеймін.

– Мен сенімен барамын, – деді Тото.

– Мен де сендермен барайыншы? – деді Буху.

Тото мез болып күлді. Саған мұның қажеті болмас.

– О,О,О, – Бухудың дауысы үңгірден қорқынышты шықты.

– Қандай қараңғы.

– Әй, – деп айқайлады Тото.

– Әй, әй, деп қайталады жаңғырық.

– Қойшы, деп жалбарынды Буху. С-сен е-елестерді

о...о...оятасың.

– Пунда, тілегіңді тезірек айтсаңшы. Ойбай, мынау немене? –

Тото жұмсақ бірдеңеге соғылып қалды.

– Әй! Бұл менің ішім, – деп ашуланды есек.

– Иә, мұнда сондай қап-қараңғы, сен де қап-қарасың.

– Мен сендерге қара түс ең жақсы деп айтпап па едім.

Арыстандар оларды түнде көрмейді, – деп күңкілдеді Буху.

– Ал менің ақ болғым келеді, – деп айқай салды Пунда.

– Ол өте қауіпті, – деді Буху өзінің ауыр басын шайқап.

– Ендеше менің қара болғым келеді, – деп жыламсырады

Пунда.

– Онда сен басқа есектермен бірдей боласың, – деп келе-междеді Тото.

– Жоқ, ендеше мен ақ, жоқ қара, әлде ақ... боламын деп айқайлады есек.

Жаңғырық оны:

– Ақ, қара, ақ, қара, – деп қайталады.

Кенет бір қорқынышты қатты гүрсіл естілді.

– Тез, шапшаң! Үңгір опыра құлағалы тұр, – деп айқай салды Тото.

Тез сыртқа қашайық! Сыртқа!

- Сыртқа шығысымен Тото: „Ха, ха, ха, – деп ішегі қата күлді.
- Хо, хо, хо, – деп мырсылдады Буху.
- Неменеге күлесіңдер? – деп сұрады есек.
- Ха, ха, ха, сен ала жолақсың ғой!

– Жо, жоқ. Мөнің ала жолақ болғым келмейді. Мен қайта тілек тілеймін, – деп жыламсырады Пунда шығысымен.

Бірақ бәрі кеш еді. Олар сыртқа қашып шыққан бетте-ақ үңгір құлап бекітіліп қалды. Пунда мұңая басын шайқады да:

- Ах, мен неткен осалмын, тоқтамсызбын, шешімсізбін.

Қыздардың ішіндегі Елизавета деген бір қыз алақанын шапалақтады.

- Ол тәуекел ете алмағандықтан зебраға айналып кетті...

– ...ал үңгір опырылып құлағанда бәрі де шешілді.

Пунданың басқа мүмкіншілігі болмады! – деп айқайлап жіберді М’гого.

Дауди басын изеді:

– Сендер тарғыл зебраны көрген сайын, өмірде қайта-қайта тәуекелге бел буу керек екенін естеріңде сақтаңдар. Ал өмірде қандай шешім ең маңызды?

– Исаны қабыл алуға бел буу, – деді Елизавета, – одан бұрын осыны ешкім айта алмады.

– Дұрыс! „Ешкім екі қожаға бір мезгілде қызмет ете алмайды“ – деген Иса. Ол бізге Құдайға қызмет етіп, Оның үлкен жанұясына қосылуды тәуекел етуімізге көмектескісі келеді.

ТОТОНЫҢ ҚАУІП-ҚАТЕРЛІ ӨМІРІ

– Крокодилдің ең сүйікті асы не? – деп сұрады балалардан джунгли дәрігерінің көмекшісі Дауди.

Бәрі бір ауыздан:

– Маймылдың еті, – деп шу ете түсті.

Ендеше мән сендерге кішкене маймыл Тотоның өмір тарихын айтып берейін.

Кішкентай маймыл Тото ағаш басында өз мұғалімі жираф Твиганың айтқандарын зейін қойып тыңдауға бар күшін салып тырысып-ақ отырған еді. Бірақ бұл оған оңай болып тұрған жоқ. Себебі оның көбелектермен сондай ойнағысы келіп, бұтақта жыбырлап әрең отыр еді. Твига оған қатаң ескерту жасады:

– Зейін қойып тыңда, Тото. Сен джунглидің үш заңын міндетті түрде есінде ұстауың керек. Олардың бір күні сенің өміріңе қажет болуы мүмкін.

Тото есінеп қойды, бірақ Твига байсалды түрде жалғастыра берді:

– Өмірде неше түрлі хауіпті жағдайлар болады, сондықтан сен бұл заңдарды **білуің керек**. Егер сен әрқашан сол заңдарды есіңде ұстасаң, сол заңмен жүрсең, өміріңе хауіп төнбейді. Ал егер оларды бұзсаң – апатқа ұшырайсың.

– Бірінші заңды мен жатқа білемін. Егер крокодилді сезіп қалсаң, биік ағаштың ең жіңішке бұтағына өрмеле! – деп мақта нышпен айтып салды Тото.

Твига басын шұлғыды.

– Дұрыс. Ал екінші заң былай: **Ешқашан зебраның артында тұрма!**

– Мен зебраны әлі бір де бір рет көрген жоқпын ғой, – деп қарсылық білдірді Тото.

– Е, сен оны әлі ойлағаныңнан да бұрын көресің, – деді Твига.

Сонда есіңде болсын: **Ешқашан зебраның артында тұрма.**

– Неге? – деп сұрады Тото.

– Зебралар тебеді, – деп түсіндірді Твига.

– Ой! Мен тепкенді жек көремін, – деп сықылықтады кішкентай маймыл. – Твига, ал үшінші заң қандай?

– **Ешқашан жыланның көзіне қарама!** Тото, енді сен осы үш ережені жатқа қайталап бере аласың ба?

– Мен осы үш заңды қайталап шықсам, ойнауға барамын ба?

Твига басын шұлғыды.

– Ендеше мен бастаймын, – деп Тото айта бастады.

Біріншіден: **Егер мен крокодилді сезіп қалсам, биік ағаштың басына өрмелеп шығып, ең жіңішке бұтаққа отырып аламын.**

Екіншіден: **Зебраның арт жағында тұрмаймын.**

Үшіншіден: **Ешбір жыланның көзіне қарамаймын. Көрдің бе, мен заңды жаттап алдым.**

– Жақсы, – деді Твига, – оларды әрқашан есіңде ұста да, қолдана біл. Енді ойнай ғой.

Тото бұтақтан бұтаққа көңілдене секіре бастады да, кенеттен гиппопотамның дауысын естіп қалды:

– Э, э, қайырлы таң, маймыл.

– Қайырлы таң, Буху! Сен өміріңде зебраны көрдің бе?

Гиппопотам өзінің қауғадай басын шұлғыды.

– Э,Э, иә, иә, ол әлгі ақ жолақты қара есек қой, әлде қара жолақты ақ есек пе? Мен осыны шатастырамын.

Тото күлді.

– Ал оны қайдан кездестіруге болатынын білесің бе?

– Әрине. Егер шуламасаң, мен саған оны көрсетемін.

– Е, е, е ана жаққа қара!

Маймыл қуанып кетті.

– Е, зебра деген осы екен ғой.

Ол тістей ме?

– Әй, жоқ, Тото. Бұл бір жуас жануар. Оның тісінен қорқатын ештеңе жоқ. Оның тек артқы аяқтарынан сақтану керек.

– Ол шапшаң жүгіре ме, Буху?

– Білмеймін, – деп қайталады Буху.

Маймыл қобалжып қалды.

– Менің оны білгім келеді, – деді де тікен іздеп кетті.

– Буху қара ол қазір қалай жүгірер екен.

Буху ауыр пысылдады да:

– Әй, қойсаңшы. Ақымақ болма, таста тікеніңді, – деді.

Менің мұндайды көргім да келмейді.

– **Әй, Буху, қара!** Тото аузын да жиып үлгерген жоқ, „сарт“ еткен тұяқ дыбысы естілді де маймыл үлкен шеңбер жасай ұшып барып, жерге „гүрс“ етіп құлады.

Буху Тотоға қарай аяңдады.

О, О, Э, Э, сен қатты құладың ба?

Тотода үн жоқ.

– Тото, бірдеңе айтшы.

Маймыл көзін ашып ыңырсыды.

– Иә, зебра сені теуіп жіберді. Қой, мен тездетіп Твиганы шақырайын.

Мұндай жағдайда не істеу керегін ол біледі.

Тото ептеп көтеріліп, басын ұстап отырғанда, арт жағынан ысылдаған ақырын дыбыс шықты.

– С-с-саған не б-б-болды?

– Мені ақымақ зебра теуіп жіберді, – деп күбірледі Тото.

– Обал болғ-ғ-ған екен с.с.саған.

– Мен сені көріп отырған жоқпын, – деп ыңырсыды Тото.

Менің көздеріме бірдеңе болды, басым да дыңылдап барады.

– Ендеш..ш..ше мен с..с..саған ж..ж..жақындайын.

Енді көрес..сің бе?

Тото көзін жыпылықтатып, – Сен кімсің? – деп сұрады.

– Мен ж.ж.жыланмын. С...сен қатты аурусың. Сен өте ш.ш.шақырадың.

Менің көзіме қара!

Кішкентай маймыл есіней бастады.

– Көз..з..зіңді ж..ж..жұм да ұйықта. Осы кезде Твига мен Буху да келіп жетті.

- Жылан Тотоны ұйықтатып тастады, – деді Твига.
- Маймылды табан астында жөніне қалдыр! – деп айқайлады.
- Кет осы жерден! Әйтпесе мен сені шағып аламын, Буху, – деп ысылдады жылан.
- Сен мені тістемекшісің бе? Буху мырс етті.
- Мен қазір саған көрсетейін!
- Жылан ирелендеп жорғалап кетті.
- Твига маймылға мейірлене тіл қатты.
- Ояна ғой!
- Мұнда не болып қалды? – деп есінеді Тото.
- Мен саған ескертіп едім ғой, сен тура менің істеме дегенімді істедің, сондықтан сені жылан жеп қоя жаздады. Сен оның көзіне қарап қойғансың.
- Ол менімен өте жылы сөйлесті, – деді Тото.

- Солай ма?
- Көне, джунглидің үшінші заңында қалай айтылған? – деп сұрады Твига.
- Е, енді мен бәрін есіме түсірдім, сені тыңдамағаным үшін мені кешірші, – деп жабырқай жауап берді Тото.

Баобабтың асты тым-тырыс. Отта жанып жатқан бұтақтар ғана сытырлады. Джунглиде бір белгісіз түн құсы айқайлады.

– Тото енді заңдардың маңызды екенін, оларды орындағанда ғана өмірің қауіпсіз болатынын біледі, – деді Дауди. – Иса былай деген: „Кім де кім Мені жақсы көрсе, сол Менің Сөзімді есінде ұстайды“, – деп әңгімесін аяқтады Дауди.

– Оны біз қайдан білеміз. Менің не істеуім керек екенін маған Иса қалай айтады?

Балалар Даудидан жауап күтіп отыр еді.

Ол Киелі кітапты қайтадан жоғары көтерді.

– Сендер тек Оның Сөзін орындауларың керек.

Осы арқылы Ол бізбен тілдеседі. Біз Киелі кітапты жиірек оқыған сайын, қалай әрекет етерімізді де, ұғына түсеміз.

КОКОНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

70

Кішкентай бөкен Дик-Дик мәз-мәйрам.

– Сондай көрікті, ғажап жер емес пе, иә Буху?!

– Иә, Шынымен мұндай ғажап жерді табу қиын, – деп гүр етті Буху.

– Шынында солай, – деп келісті жираф, – бұл саялы, көлеңкелі тоғанды біздің жақсы досымыз піл біз үшін арнайы жасады.

– Мұндай іс біздің қолымыздан ешқашан келмес еді, – деп тұмсығынан күңкілдеді Буху.

– Осы кезде тоғанның дәл ортасына бір тас шолп! – ете түсті. Бұл қиқарлығы ұстап отырған кішкене маймыл Коко еді.

73

Ол бір уыс тас жинап алып, бірінен соң бірін тоғанға лақтыра берді. Қандай қызық! Тастарды лақтыра жүріп Коко жағаға жа қындады да, мүлде көңілденіп кетіп, суға секіріп түсті. Кенет, Коконьң ойыны әбден қызған сәтте, бір үлкен ауыз оның құйрығынан шап берді де, жағаға сүйреп шығарды.

– Жетер! – гиппопотам Бухудың ашулы дауысы естілді.

– Суды лайлауың жетті сенің! Бұл тыныш және әдемі тоған мейірімді пілдікі.

Буху Коконь біраз жерге сүйреп апарды да, аузын ашып маймылды қоя берді.

Коко құйрығын сипап қойды.

– Сен таудай, сүйкімсіз, оңбаған жануарсың! – деп ашулана айқайлады ол. Мен, қашан, не істейтінімді өзім білемін!

Ол Бухуға тілін көрсетті де, пальма басына қашып шықты.

Бәрі кетіп жалғыз қалған соң, енді өзін ешкім көрмейді деп ойлаған Коко, тағы да сотқарлана бастады. Ол тоғандағы тұнық суға балшық пен топырақты, табалай күлімсіреп жүріп, жағадағы гүлдер мен шөптерді түбірімен жұлып лақтырды. Сонан соң Коко былайырақ барып өз ісіне сүйсіне қарап тұрып кенеттен пілді көріп қалды. Ол үнсіз тұр екен. Коко бір секіріп ағашқа шықты да, бұтақтан бұтаққа секіріп ілезде көзден ғайып болды. Ол әбден сілесі қатқанша қаша берді.

Көп күндер өтті. Коконьң туған күні келді. Ойламаған жерден оның қасында жираф пайда болды.

– Коко, менің шын жүректен шыққан құттықтауымды қабыл ал!

Кішкентай маймыл жирафтың арқасына қарғып мінді де, қуана сықылықтады.

– Бұл менің осы жылдағы соңғы туған күнім.

– Мен тезірек есею үшін туған күнімді жылына екі рет тойлаймын, – деп түсіндірді ол.

– Иә, бұл шынымен де маймыл даналығы, – деп күлімсіреді жираф. Иә, айтпақшы, Коко, піл сені көргісі келетінін айтып еді.

Ұялған Коко жерге секіріп түсіп, ештеңе деместен бұтақтардың арасына кіріп кетті.

Үлкен саялы ағаштың астында Коко бөкен Дик-Дикті кездестірді. Оның мүйіздерінің арасында үлкен піскен қауын қысылып тұр еді.

– Коко мен сені туған күніңмен құттықтаймын. Менің силығымды қабыл ал.

Коко көп әлденген жоқ. Ауызды асқа толтырып сөйлеу ыңғайсыз екені белгілі болғандықтан, қауынды жеп болғанша ол үнсіз қалды.

– Туған күнді тойлаған қандай жақсы. Бұдан былай менің туған күнім жылына үш рет болады, – деп күңкілдеді ол ақырын.

Дик-Дик көңілдене, масаттана күлді де:

– Е, сені пілдің іздеп жүргенін естідің бе? – деп сұрады.

– Оған мен неге керек болдым екен? – деді Коко еш кінәсіздей мүләйімсіп.

– Мүмкін оның саған туған күніңе бірдеңе сыйлағысы келген шығар. Бірақ сен, әрине, сыйлыққа тұрарлық ештеңе істеген жоқсың. Оның тоғанында не істегенің есіңде ме?

– Мен сонша ештеңе бүлдірген жоқпын, – деп батылсыздау жауап қайтарды ол, пілдің бәрін көргенін есіне түсіріп.

Коко жіңішке сүрлеумен жүгіріп бара жатып өзінің туған күнінің аса көңілді де емес екенін ойлады.

Жолда Коко гиппопотамды жолықтырды. Буху күлімсіреп:

– Иә, Коко, менің саған арнаған сыйлығым бар.

Туған күніңе. Дәмді піскен қауын.

– О, Буху, көп рахмет, мен қауынды өте жақсы көремін. Бұдан былай мен туған күнімді жылына төрт рет тойлайтын боламын.

– Коко, гиппопотамға қауынды алып жүрудің қиын екенін білесің ғой, сондықтан мен оны аузыма салып қойып едім, байқамай жеп қойыппын, қап, „Тамаша піскен қауын еді“.

– Сен, менің қауынымды жеп қойдың ба? – деп қынжыла айқай салды Коко.

Буху басын шұлғыды.

– Керемет қауын еді, сондай ғажап! Бірақ менің ойымша негізгісі сыйлық емес, жақсы ниет қой, – деп ойлаймын.

Е, айтпақшы, ұмытпай тұрғанда айтайын. Коко, сені пілдің іздеп жүргенін естідің бе?

Коко оған бетін қисайтып, тілін шығарды да, қашып жөнелді.

– Жоқ, ол мұндай тамаша қауынға тұрмайды, – деп күңкілдеді Буху өзінің ауыр басын шайқап, – менің оны беріп қоймағаным қандай жақсы болды.

Коко сүрлеумен сылбыр аяңдап келе жатып пілге соқтығысып қала жаздады. Коко тас мүсіндей мелшиіп қалды, сонан соң қашпақ болып еді, аяқтары орнынан қозғалмады, тамағы құрғап, аузы кеуіп қалды.

– Б...ұ...л...: мен... деді ол тұтығып. Сол мезгілде оның көз алдына өзі балшық пен топырақ лақтырған тұнық та тыныш тоған, өзіне үнсіз қарап тұрған піл елестеді.

– Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймын, – деген пілдің жұмсақ, жылы дауысын естіді ол кенет.

Коко басын көтерместен: – Рахмет, – деп міңгірледі.

– Қара мен саған қандай сыйлық әкелдім, – деді піл.

Коко ептеп басын көтерді де бір бау піскен банандарды көрді. Ол қолын банандарға соза берді де, ілезде тартып алды. Сонан соң басын шайқап.

– Томбо, мен сенің тоғаныңа балшық лақтырып едім.

Кешірші, – деді ақырын ғана. Орнай қалған тыныштықта тек Коконьң жүрегінің дүрсілі ғана естіліп тұрды.

– Мен сенің ниетің мен сыйлығыңа тұрмаймын, – деді ол сыбырлай.

– Коко, осы сыйлық менің сені банандарды үзбей тұрып-ақ кешіргенімнің белгісі.

Коко қатты ұялды. Оның дауысы әрең шықты:

– Рахмет, Томбо.

Банандардың үлкендігі Коконьң бойына жуық еді.

– Үлкен рахмет, – деп қайталады Коко күлімсіреп. –

– Мен қазір сенің тоғаныңа барып, айналасын жинастырып, тәртіпке келтірейін.

Жоғарыда пілдің көздері көңілдене сығырайып көрінді. Бірақ Коко оны сезбеді. Ол пілдің алдында өзін әлі де айыпты санап, ұялып, қысылып тұрды.

– Мен бұл жұмысыңды орындап келдім, – деді піл.

Оның дауысы жұмсақ әрі мейірімді еді.

Мен бұл сыйлыққа лайықты емеспін, – деп сыбырлады Коко тағы да.

Сүрлеумен үлкен банандар дестесін көтеріп келе жатып Коко өз сыйлығын жираф Твигаға, гиппопотам Буху мен бөкен Дик-Дикке бөліп беруге бел буды.

Ол солай істеді де. Сондықтан бұл туған күні Коко үшін барлық туған күндерінен жақсы болды.

Саған да осындай бір жамандық істеуге тура келіп пе еді? Сонда сен бәрі өзіңді жек көріп кетті деп ойладың ба? Бірақ басқалар сені бұрынғыдай жақсы көре берді ғой!

Сен өзіңді Кімнің үнемі жақсы көретінін білесің бе? Ол Иса. Ол сенің күнеларың үшін қаза тапты. Сен оған өзіңнің істеген жаман істерің үшін өкінетініңді айтсаң болды. Сонда Ол сені әрқашан кешіретініне күмән келтірмеуіңе болады.

ТОТО ЭКВАТОРДА

ЭКВАТОР

Кішкентай маймыл Тото туыстарына барып қайтпақшы болып жолға шықты. Олар жап-жасыл жапырақты алып ағаштар өскен, көл үстінде көбелектері лала гүлімен ойнап ұшқан джунглидің қалың ортасында тұрушы еді.

Кенет Тотоның көзі өте биік ағашқа түсті. Ол ағашқа жақын барғанда

ЭКВАТОР

деген жазуы бар тақтайды көрді. Осы кезде оның артынан Твиганың дауысы шықты:

- Бұл өте қызық жер, Тото.
- Иә, солай, – деп қостады Буху. Бұл жер – дүниенің кіндігі, дәл ортасы.

Тотоның көзі шырадай жанып, жайнап кетті.

- Шынымен бе?
- Иә, – деді Твига. Енді таңдай бер. Егер сен ана оң жақтағы баобабқа шығып алсаң, оң жақ жарты шарда боласың. Онда сен экваторды кесіп өткен боласың. Сонымен, таңдап ал, қайда болғың келеді? Тото желкесін қасыды. Кішкентай маймылға бұны түсіну қиын еді.

Тото оңтүстіктегі тамаша өмір туралы талай естіген. Ала құйын ойлардан Тотоның басы айналды. Ол оңтүстікке қоныс аударған маймылдар жайлы көп естіп еді. Енді міне өзіне де жол ашық. Тек бір шешімге келіп, арғы бетке аттап түссе болғаны.

– Оңтүстіктегі өмір қалай болар екен, – деп ойлады Тото.

Ана оңтүстіктегі баобабтың басында отырсам мен не сезер екенмін?

Қатты толқығаннан ол дірілдеп кетті. Неге оған да арғы бетке секіріп түсіп, оңтүстікте өмір сүрмеске? Әлде осы солтүстікте қалған жөн бе? Тото анда-санда бір тоқтап, жуан бұтақта ары-бері сандалып жүрді де қойды.

100

Кенет Тотоның құлағына тартымды, мейірімді, бір таңғажайып дауыс естілді.

– Кішкентай маймыл оңтүстікте сен тамаша өмір сүресің! Тезірек түсе ғой, мен саған жүретін жолды сілтеп, жіберейін. Сені қызықты да тартымды оқиғалар күтіп тұр. Онда сен осы уақытқа дейін тиым салынған істеріңнің бәрін істей аласың.

102

Жиһраф пен гиппопотам ағаш түбінде мұның бәрін естіп тұр еді. Олар қызыққаннан маймылдың көзінің жарқырап кеткенін байқады.

– Бұл жылан ғой! – деп айқай салды Твиға. Ол сенің бізбен бірге екеніңді біліп, өз жағына шақырып алмақшы. Сен оны тыңдама! Бізбен бірге қал! Осы солтүстікте қалуға шешім қабылда. Мұнда саған еш қауіп жоқ, бақытты өмір сүресің.

Тото өз достарын Твига мен Бухуды, мейірімді пілді, бөкен Дик-Дикті есіне алып ойланды. Оның жүрегін нәзік толқын тербеп кетті. Осы кезде ол бір шешімге келді де бұтақтың үстімен жүгіре жөнелді.

– Мен солтүстікте қаламын! – деп айқайлады ол.

Бір секіріп, ол бұтаққа нық отырды.

Қатты толқығаннан дірілдеп кеткен Тото, ағашқа жабыса кетті.

Ол солтүстікте қалуға бел буды. Тото бір нәрсе болып қалар деп ойлап, күтіп отырды. Сонда да ештеңе сезген жоқ. Бәрі сол бұрынғысынша қалды. Тек оның достары: Твига, Буху және Дик-Дик риза көңілмен жоғарыдағы Тотоға қарады.

– Сен жыланның, көзіне қараған күніңді ешқашан ұмытпа! – деді Твига.

Сонда Тотоның есіне жыланға жем бола жаздағаны түсті. Ол жанынан жирафтың мейірімді дауысын естіді.

– Тото, сен оңтүстікте бұл жақтан жақсы деп ойлайтын шығарсың. Жыланға сенбе! Осы солтүстіктегі баобабтан ары ешқаша н өтпе, барма. Осы есіңде болсын!

Тото басын изеді. Кішкентай маймылдың ойы әлі де шарқ ұруда еді.

– Твига мен жыланның айтқанына қарсы шешім қабылдасам да неге ешқандай өзгеріс сезбеймін?

Оңтүстікте сондай тамаша болса, неге солтүстікте қалу керек?

– Неге? Сен әлі ақымақсың. Оның бәрін өскенде түсінесің. Бұл жерден алыстаған сайын өзіңнің тура жолда екеніңе көзің жетеді де, бақытты бола түсесің.

Тото әлі де ағаш бұтағында отыр еді. Ол тақтайшадағы жа зуды оңнан солға, солдан оңға қарай оқыды, екі қолымен бұтқақа құйрығымен ілініп алып, ары-бері шайқалып тұрып та оқыды.

– Дұрыс, – деді ол. Мен ештеңе сезбесем де дұрыс шешім қабылдадым.

– Иә, Тото, сенікі жөн, – деп күлімсіреді Твига.

– Е,е, иә, – деп қостады Буху, мұны үлкейген сайын айқын сезінетін боласың. Тото олармен қатарласа жүрді. Ол өзінің дұрыс шешім қабылдағанына қуанышты болды. Жылан болса қатты ысылдап бұталарға кіріп кетті.

110

Сенің де қай жолдың дұрыс екенін айыра алмаған уақытың болды ма? Кейде сен қисық жолға да түсіп кеттің. Сонда сен Исадан дұрыс жолға түсуге көмектесуін өтіндің. Егер сен Құдайдың қалағанын істесең, қалауы бойынша жүрсен, ештеңені сезбеуің де мүмкін, бірақ, дегенмен, сенің өмірің өзгереді.

ЭКВАТОР

112

– Дауди, бір оқиға айтып берші, өтінеміз. Ең болмаса біреуін, – деп сұрады балалар.

Олар баобаб ағашының астында отырып, Даудиге жалынышты түрмен қарады.

Дауди – джунглидегі дәрігердің көмекшісі, сәл ойланып қалды.

– Сендер жоғары асқындап, сол үшін өмірінен айрыла жаздаған маймыл туралы әңгімені білесіңдер ме? Білмейсіңдер ме? Онда тыңдаңдар...

АРЫСТАН ТЕРІСІНДЕГІ МАЙМЫЛ

Бүгін джунглиде ауа райы тамаша! – десіп отырды аңдар. Тек гиппопотам Буху ғана үнсіз. Оны бір сұрақ мазалап отыр еді.

– Әй, Твига, осы арыстандар ағашқа шыға ма? – деді ол бір кезде жирафқа.

– Анда-санда шығады, – деді Твига.

Мына арыстанға қарашы, – деп жалғастырды Буху.

– Ол жаңа ғана ағаштың бұтағында құйрығымен ілініп, салбырап тұр еді. Мүмкін ол қатты ашудан шығар?

– Меніңше, бұл арыстаннан бізге қорқатын ештеңе жоқ, – деп жымыды Твига. – Жүр, барып амандасайық онымен.

– Әй, сен жоғарыдағы арыстан! – деп айқай салды Буху.

114

– Не?-р-р-р-р! Маған жақындамаңдар, әйтпесе мен сендердің парша-паршаларыңды шығарамын. Р-р-р!

– Шынымен бе? – деді Твига. Ал сен кімсің?

– Көрмей тұрсың ба? Мен – аң патшасымын!

– Тото! Сен қаракүйе жеп тастаған арыстан терісін жамылып алып, арыстан болдым деп тұрсың ғой. Бұл өте күлкілі.

– Менімен олай сөйлесуші болма, Твига, әйтпесе мен сені жеп қоямын.

Мен бұдан былай маймыл емеспін! Мен арыстанмын. Мен бәрін де арыстанша жасаймын. Арыстанның жегенін жеймін. Арыстанша ырылдаймын: р-р-р! Арыстан да баратын жерге барамын!

117

Твиге оны азғыра бастады:

- Сен еліктегеніңмен арыстан бола алмайсың!
- Ух, – деп күрсінді Буху.
- Не-не-не?! – деп айқайлады Буху. Маған арыстан терісі өте қонымды. Мен өте мейірімді әрі қаһарлы көрінемін.
- Арыстан болу үшін арыстан болып туу керек. Ол үшін сен басқа хайуан болуың керек, – деп жалғастырды Твиге.

118

Бірақ Тото оны тыңдамады.

- Менің арыстанша жүргеніме қарашы, Буху, – деп айқай салды ол, мен қандай ептімін. Менің осы джунглиде қанша а қылды аң бар екенін білгім келеді.
- Әйтеуір сенің ойлап отырғаныңнан бір аңға кем, – деді Твиге. Сен қауіпті ойын бастадың.
- Егер басқа аңдарға кездесіп қалсаң не боласың? – деп қыстырылды Буху.
- Тото күліп жіберді.
- Бүгін таңертең маған гиена жолықты. Ол мені көре салды да, табанын жалтыратты. Ол арыстаннан не күтуге болатынын біледі.
- Ал егер саған ашулы мүйізтұмсық, немесе аш қабылан кезіксе не боласың?

120

Тото ырылдап қойды.

- Не? Олар джунгли патшасы мені көргенде, менің ырылымды естігенде естері шыға дірілдеп, табандарын жалтыратады.

121

- Иә, – бұл маймылға аузы күймей ақыл кірмес, – деп ойлады Буху. Кенет ол бір хауіп сезіп қалды.

– Сақтаныңдар! – деп ескертті ол. Мен қабыланның жақындағанын сезіп тұрмын. Тото, ол сені көрмей тұрғанда тезірек аға шқа шық. Твига, кеттік!

– Сен Бухудың ақылын тыңда. Арыстанның ролін сонан соң ойнайсың!, – деді Твига.

Тото бетін тыржитты да қойды.

– Мен қорықпаймын! Қабыландар арыстаннан не күтуге болатынын біледі. Р-р-р! Бар, Буху, қорықсаң тығыла бер!

– Қабылан осында келе жатыр ма? Мен оған көрсетермін!
Р-р-р!

Ол өзінің арыстанша басын шайқап, күліп жіберді.

– Енді ол қорқып кетеді.

Кенет ол гүріл естіді.

– Бұл кім? – деп сұрады ол.

Қабылан қайда гүрілдеді.

– Тото жүгір! – деп айқайлады алыстан Твига.

– Тезірек қаш! – деп жалғастырды Буху.

Тото жалт бұрылғанда қабыланның көзін көрді. Қабылан бұрынғысынан да айбаттырақ гүрілдеді. Кенет Тотоның дауысы жалбарынышты шиқылдап шықты:

– Әйбәт мысық, орныңда қала тұр! Орныңда тұр! – деймін мен саған. Мен – аңдар патшасы...жо-жоқ,... КӨМЕКТЕСІҢДЕР!

Тото қуғыншыдан құтылу үшін өзінің маймылдық ептілігімен ағаштың бір бұтағына секіріп шыққанда арыстанның терісін жоғалтып алды.

Қабылан да сол ағашқа өрмелеп шығып алды. Ол бір жуан бұттаққа отырып алып, Тотоны аңди бастады. Ол жұмсақ та, нәрлі маймылдың етін аңсап, күні бойы отырды. Күн батып, ай туғанда да ол күте берді. Қабыланның мызғып ұйықтап кеткен сәтінде ағашқа Твига жүгіріп келді. Тото оның ұзын мойнына қарғып мініп, төніп келген бір ажалдан қашып құтылды.

– Міне маймыл даналығы, – деді Твига.

Тото басын қайғылы изеді.

– Твиганікі дұрыс қой, ә? – деп күлімсіреді Дауди.

– Әрине! – деп шу етті балалар.

– Ха, ха, ха, – әй, ақымақ Тото. Маймыл арыстанның терісін жамылып, арыстанша гүрілдегенімен арыстан бола алмайды ғой, – деп күлді кішкентай М'гого.

– Ол оны қабылан шыға келгенде бірден түсінді, – деп тоқтатты Елизавета.

– Дұрыс, тек еліктеп, Мәсіх жолын қуушылар сияқты сөйлегеннен біз де Мәсіх жолын қуушылар болмаймыз, – деп басын изеді Дауди.

Басымызға қиындық түскенде, қатты қорыққанда, немесе біреу бізді ашуландырса, сонда біздің кеудемізде Иса бар ма, әлде біз де тек „арыстан терісіндегі“ Мәсіх жолын қуушылармыз ба, бірден белгілі болады.

– Егер кеудемізде Иса болса, біз Мәсіх жолын қуушылармыз ба? – деп сұрады М'гого.

Дауди күлімсіреді.

– Иә, Иса Өзін көмекке шақырған әр-бір адамға келеді, және одан жаңа адам жасайды.

Бірде Дауди тағы да балалармен бірге баобаб ағашының түбінде отыр еді. Жаңа әңгіме айтудың мезгілі жетті.

Дауди әңгімесін бастады:

– Бүгін мен сендерге айна туралы оқиға айтып беремін.

Ол үнемі сендерді тура, дәл бейнелейді.

– Әрқашанда ма? – деп сұрады балалар.

– Әрқашан, – деп басын изеді Дауди.

ГИППОПОТАМ ЖӘНЕ АЙНА

135

Кішкене маймыл Тото кокос жаңғағын тауып алып, бөкен Дик-Дикпен қуанышын бөлісті.

– Дик-Дик, мен керемет тәтті, дәмді кокос жаңғағын тауып алдым. Жүр, гиппопотам Бухуды тауып алайық. Ол бізге жаңғақты шағып берсін. Ешбір аңда оның тісіндей мықты тіс жоқ. Олар гиппопотамды суы аз өзен жағасынан тапты.

– Буху! Біздің сені жолықтырғанымыз қандай жақсы болды, – деп айқайлады маймыл.

– Меніңше, ол бізді естіп тұрған жоқ, – деді Дик-Дик.

Тото Бухуға зер салып қарап қойды.

– Ол ұйықтап тұрған шығар? Жоқ, оның көздері ашық қой.

Менің онымен сөйлескім келіп тұр.

Ол гиппопотамға көңілдене тіл қатты:

– Буху, менің қымбатты, семіз досым...

– Міне, енді сен бәрін бүлдірдің, – деп күңкілдеді Буху. Мен мұнда судың тынышталуын күтіп тұр едім. Ол маған „Су әбден тұп-тұнық болғанда өз түріңді көруіңе болады“, – деген еді.

– Оны кім айтты? – деп сұрады Тото.

136

– Сүйкімді кәрі маймыл. Ол: „Буху, су тып-тыныш болғанда, оған қарасаң, өз түріңді көресің“, – деген еді.

– Буху, суды лайлағанымызға өкінеміз, бірақ сенің неменеге өз бетіңді көргің келіп тұр? – деп жайбарақат сұрады Дик-Дик.

– О, – сүйкімді кәрі маймыл маған „әдемісің“ – деді ғой. Енді мен соған көзімді жеткізгім келеді.

138

– Кәрі маймылды сен қайдан кездестірдің? – деп сұрады Тото күліп. Ол мына шыжыған күн астында отыр ма екен.

– Жоқ, жоқ. Ол өзеннің осы жағасында, арғы жаққа өте алмай тұр екен. Өзен терең, ал ол жүзе алмайды екен. Сол кезде ол маған: „Гиппопотам, сен қандай әдемісің!“ – деді.

Тото түсінгендей басын изеді де:

– Е, ол сенің тек әдемі ғана емес, сонымен қатар керемет жүзгіш екеніңді де, әрі сенің өте сыпайы да үнемі көмектесуге әзір тұратыныңды да түсінген ғой.

– Иә, иә, – деп күлімсіреді Буху, – ол мені бұрын ешқашан көрмесе де, мен туралы осының бәрін білетін.

Тотоның көздері қайта жарқырап кетті.

– Қысқасы, ол саған көптеген жақсы сөздер айтты, ал сен оны сол үшін өзеннен өткізіп салдың, иә. Онда сен, әрине, маған да көмектесесің. Қара мынау кокос жаңғағы. Сүйкімді Буху, маған осыны шағып берші, өтінемін.

– Сондай мейірімді маймыл, – деп күбірледі Буху. „Әдемі гиппопотамсың“, – деді. Ол нағыз дос.

Тото гиппопотамға тағы бір адым жақындай түсті.

– Буху, мен де сенің досыңмын, – деді ол. Мен саған әдемілігің туралы әлі айтпадым ба?

– Әлі ешқашан да, Бухудың дауысында ренжігендік сезілді.

– Е, сен әдемілігіңді бұрыннан біледі деп жүрмін ғой. Мен әншейін, сен тұмсығыңды көтеріп кетпесін дегенім. Буху, мен сенің жүзіңе қарасам, мінезіңді, батылдық пен күшіңді көремін.

– Сен оның бәрін менің бетімнен қалай көре аласың?

– Мен оларды сенің бетіңнің қатпарларынан оқимын, – деп жауап қатты Тото.

– Енді жаңғақты шағып берсеңші, – деп өтінді Дик-Дик.

– Жоқ, қазір шаға алмаймын, – деп күңкілдеді Буху.

Мен тынық су іздеуге барамын, менің алдымен өз түрімді көргім келеді.

– Егер сенің соншалықты өз бетіңді көргің келіп тұрса, қазір мен саған айна әкеліп беремін. Айнаға өзіңді көріп болған соң жаңғақты шағып бересің бе?

– Тек өзімді көріп болған соң, – деп нықтады Буху.

Тото үлкен айна әкеліп, Бухудың алдына қойды.

– Бәрің былай артқа кетіңдер. Бұл тек сен үшін, Буху. Шын мәнінде қандай екеніңді қара, – деп айқай салды Тото.

Буху айнаға қарады.

– О, мы-мынау не? – деп тұтыға сұрады ол.

– Не? – дегені несі? – деді Тото да.

– Мына айнадағы жуан, семіз бет кімдікі?

– Сенікі, – деп сықылықтады маймыл.

– Менікі? Жоқ! Мен ондай емеспін! Менің ондай болуым мүмкін емес!

Кімнің сондай пішінде болғысы келеді дейсің!

Айнаны жек көремін...

Буху қатты ашуланды. Оның дауысы күркіреп кетті.

– Тото, бұл маған мүлде ұнамайтын сенің тағы бір қалжыңың ғой. „Қандай әдемі гиппопотам!“ – деген кәрі маймыл. Сондағы түрім осы ма? Айнаның есі дұрыс емес. Сенің менімен қалжыңдағың келді ғой, солай ма, Тото? Кәне, айнаны қой.

Тото гиппопотамға жасқана қарады.

– Қойып қой! – деп бұйырды Буху.

– Не істейін деп тұрсың?

– Міне істейтінім! – деп айқай салды Буху айнаны аяғымен басып.

Айнаның сынықтары жан-жаққа шашырады.

– Сен айнаны сындырдың ғой! – деп ашулана айқайлады Тото.

– Иә, мен айнаны жек көремін, оны көргім келмейді! Қатты түңілген Буху, маймылдың жаңғағын шағып бермей-ақ суға сүңгіп кетті.

– Буху қандай ақымақ, – деп шуласты балалар. Айна шындықты айтты ғой.

– Иә, – деді Дауди, – бірақ шындық оған ұнамады. Оның орнында болсам, ол маған да жақпаған болар еді. Ол балаларға таныс кітап – Киелі кітапты жоғары көтерді.

– Көрдiңдер ме, бұл Құдайдың үлкен айнасы. Бұған қараған әрбір адам өзінің қандай екенін, өзін Құдай қалай көретінін біледі.

Ол бір африкалық – балаға қарады.

– М'гого, жақында біз бұл Киелі кітапты оқып едік қой, саған ұнады ма?

– Жоқ!

М'гого сәл қызарып күліп жіберді.

– Бірақ ешкім өз қалпында қалмауға тиісті.

Барлығы М'гогоға таңырқай қарасты. Ол итін сипап үнсіз отырып қалды.

– Сенікі дұрыс, – деп оған көмекке келді Дауди. Біз Киелі кітаптан тек өзімізді ғана емес, Исаны да көреміз. Ол бізге не дейді екен?

– Бәрің де маған келідер – балалар да, еркектер де, Мен сендерден Құдайға қуаныш әкелетін жаңа адамдар жасағым келеді. Мен сендерді Құдайдың үлкен айнасына қуана қарайтындай етіп өзгертемін. Өйткені мен сендерді сүйемін“.

ТОТО ЖӘНЕ ШІРІГЕН ЖҰМЫРТҚА

Кішкене екі маймыл Тото мен Коко ешқашан тыныш отыра алмады. Олар бұтақтан бұтаққа секіріп, қуаласпақ ойнады. Сондықтан олар үнемі аш болып жүрді. Олар банан мен жидектер, қоңыздар мен жаңғақтар жеді. Бірақ кішкене маймылдардың ең сүйікті асы – жұмыртқа.

Тото мен Коко кәрі ағаштың бұтақтарының арасынан ұя тауып алды.

– Оһо, – деді Тото, – ұя бар жерде...

– ...жұмыртқа да болады, – деп сықылықтады Коко.

Тото ағашқа өрмелеп шықты, шынымен де ұяда үлкен сұр көкшілдеу жұмыртқа жатыр екен.

– Мә, ұста! – деп айқай салды Тото.

Коко қолын созды. Ол жұмыртқаны ұстап алмақ болып еді, бірақ ұстай алмады. Жұмыртқа жерге түсіп, жарылып кетті. Ішінен жап-жасыл сасық сұйық ақты.

Маймылдар:

– Ту, – деп мұрындарын басып, безіп жөнелді. Бұл жұмыртқа ға текшыбындар ғана мәз болысты.

Аулағырақта жираф Твига, гиппопотам Буху мен бөкен Дик-Дик бұл оқиғаны бақылап тұр еді.

– Қалайша осы жап-жақсы жұмыртқа жаман сасық, жұмыртқаға айналады, – деп күңкілдеді Буху.

Твига күлді.

– Күнге тастап қой. Сонда жақсы жұмыртқа өз-өзінен бұзылады.

– Иә, ал бұзылған жұмыртқа қалайша жақсы жұмыртқаға айналады, – деп сұрады Буху.

– Өкінішке орай, бұл мүмкін емес, – деді Дик-Дик.

Твига басын шұлғыды:

– Бұзылған жұмыртқа ешқашан қайта жақсыға айналмайды.

Осы кезде Тото мен Коконьң ағасы кәрі Ниани жалғыз аяқ соқпақпен өзенге түсіп келе жатты. Оның қолында жұмыртқа бар еді. Ол әлі жып-жылы еді. Ниани оны тауық Кукудың ұясынан жаңа ғана алған. Ниани ернін бір жалады да, үшкір тікенмен жұмыртқаны тесіп, ішіндегісін сорып ішіп алды.

Кішкене маймылдар оны қызыға бақылап отыр еді. Жұмыртқаның қабығы әбден босағанда Ниани оны жерге лақтырып жіберді. Барлық маймылдар осылай істейді. Ниани көзін рахаттана жұмды да былай деді:

– Жұмыртқа – маймыл асқазаны үшін ең жұғымды ас. Ол тағы бір жаланып алды да, ары жалғастырды.

– Иә, бірақ естеріңде болсын: жұмыртқаның бәрі бірдей жұғымды емес.

Ағалары – Ниани бұтақты құйрығымен мықтап орап алып, балдырғандарға ақыл айта бастады:

– Кейбір жұмыртқалардың мұрынды мазақтау, тілді азаптау, асқазанды жазалау екенін білулерің керек!

Тото мен Коко бастарын изесті де, сұрақ қойды:

– Ағатай, сен бізге қандай жұмыртқаның жақсы, ал қандайының жаман екенін айтып бере аласың ба?

Ниани әр сөзін салмақтай жауап берді. Ол жұмыртқаны сұқ саусағымен бас бармағының арасында ұстап тұрғандай болды да:

– Кейбіреулер жейін деген жұмыртқасын күн көзіне салып қарайды. Ескертемін! Көздер де қателесуі мүмкін. Көздер жиі қателеседі. Енді Ниани жұмыртқаны құлағына апарған болып, жалғастыра берді:

– Кейбіреулер жұмыртқаны құлағымен тыңдайды. Бұл да аса сенімді әдіс емес.

Ол алға қарай еңкейе түсті де:

– Сендер сеніңдер, сенбесеңдер, қойыңдар. Иіскеп көру үшін жұмыртқаны жарғандар, – ең ақымақ маймылдар“, – деді.

Маймылдар мұңая бастарын изеді де; сонда Тото нәзік дауысымен:

– Ағатай, сен сондай ақылдысың. Дегенмен соның қалай білуге болатынын айтып берші.

Ниани маңғаздана жауап берді:

– Былайша. Жұмыртқаны өзенге апарып жағаға жақын суға саласыңдар.

Естеріңде болсын: суда қалқып жүрген жұмыртқа, қайтала ймын, қалқып жүргені – бұзылған. Егер сондай жұмыртқа тап болса, бір қолдарыңмен мұрындарыңды басып, екінші қолдарыңмен ары таман лақтырыңдар!

Ниани біраз үзіліс жасады. Содан соң оны джунглидегілердің бәрі еститіндей етіп жалғастырды:

– Егер жұмыртқа суға батса, онда ол – жақсы.

Твига, Буху және Дик-Дик бұтақтан бұтаққа секіріп жүрген маймылдарға әлі қарап тұрды.

– Ниани өте ақылды, – деді Твига.

– Иә, иә, – деп қостады Буху, – ол маймылдарға жақсы кеңес берді.

Адамдарда да осындай болады. Біз де басқа адамның ішкі дүниесіне үңіле алмаймыз. Бірақ біреу оны істей алады. Ол – Иса. Ол біздің, не ойлағанымыздың бәрін біледі, біздің құпия ойларымыздың бәрін көреді. Бірақ Ол бізге көбірек жақсылық істегісі келеді, және істей алады: нашар адамдарды жақсы етеді. Тек біздің одан соны өтінуіміз қажет.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы – 114,
а/я 68
„Шығыс Сәулесі”

U. 1

ПАУЛЬ УАЙТ

**ТОТО ЖӘНЕ
ОНЫҢ ДОСТАРЫ
ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚ
ОҚИҒАЛАР**

Суретші Петр Орам

ПАУЛЬ УАЙТ ТОТО ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ 05.110